

Баймуратова И.А.,¹ Жубанова К. Х.²
^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПОЛИСЕМИЯ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі полисемантикалық сөздерді талдау және олардың қазақ тіліне аударылуы қарастырылады. Ағылшын тіліндегі полисемия және оның туынды сөздерінің қазақ тілінде бірнеше баламасы болатындықтан, аударма жұмысын орындау кезінде көп жағдайларда олардың дұрыс баламасын таңдау мәселесі бірқатар қиындықтар туғызады. Бір тілден екінші тілге аударма жасауда мұндай қиындықтарды болдырмау үшін контекстпен қатар аударылым жасалып жатқан тілдің тілдік нормасына назар аударып, көп мағыналы сөздердің қандай контексте, қандай мағынада қолданылатынын анықтап, баламасын табу қажет.

Кілт сөздер: *аударылу, мәселелер, әртүрлі мағына, қолданылған, ағылшын тілі, қазақ тілі, контекст, қиындықтар, қарастыру, баламасы, талдау, түсіндіру, мысалдар, сөйлемдер.*

Баймуратова И.А.,¹ Жубанова К. Х.²
^{1,2} Казахский Национальный Университет им Аль-Фараби,
Алматы, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются анализ многозначных слов английского языка и их перевод на казахский язык. которые вызывают ряд трудностей при выполнении переводческой работы.

Поскольку полисемия в английском языке и его производные имеют несколько эквивалентов в казахском языке, при выполнении переводческой работы в большинстве случаев проблема подбора их правильного эквивалента как указано выше вызывает затруднения. Чтобы избежать подобных трудностей при переводе с одного языка на другой, необходимо наряду с контекстом обратить внимание на языковую норму переводимого языка, выяснить, в каком контексте и значении употребляются многозначные слова и найти эквивалент их значения в контексте.

Ключевые слова: *способы, многозначные слова, перевод, английский язык, казахский язык, трудности, переводческая работа, анализ, обратить внимание, контекст, эквивалент.*

Baimuratova I.A.,¹ Zhubanova K.Kh.²
^{1,2} Kazakh National University after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

Summary

This article discusses the analysis of polysemy words of the English language, and their ways of translation into the Kazakh, which causes some difficulties in choosing the right meaning of the given polysemy words.

When performing translation work, one can encounter some difficulties since polysemy words in the English language and their derivatives have several equivalents in the Kazakh language. In most cases, as mentioned above the problem is of selecting their correct, right equivalents i.e. choosing the right equivalent with the right meaning.

To avoid the above-mentioned difficulties in translating from one language to another, it is necessary, along with the context, to pay attention to the language norm of the translated language, to find out in what context and in what meaning this or that polysemy word is used and find the proper equivalent of its meaning in the given context.

Keywords: *polysemy words, translation, difficulties, to choose, the right meaning, context, to pay attention, language, equivalents, derivatives, to perform, problem.*

Кіріспе.

Сөздің көп мағыналылығы, яғни полисемантика негізінен бір сөздің әртүрлі мағыналарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі мәселесі ретінде қарастырылады. Көп мағыналылық құбылысы бар тілге тән құбылыс деуге болады. Көп мағыналылық құбылысын зерттеудің маңыздылығы ол сөйлемнің мағынасын дұрыс түсіну үшін қажет және тілдің экспрессивтік ресурстарының сандық және сапалық өсуін қамтамасыз ету үшін ағылшын тіліндегі мағыналар жүйесіндегі семантикалық өзгерістерді зерттеу өте маңызды. Мағыналардың көптігі туралы зерттеулер XVIII ғасырда басталып, XIX ғасырда жалғасын тапты. Осы ғасырдағы ең маңызды зерттеулерді Бремаль еңбектерінен көреміз. Ғалымдардың көп мағыналылықты зерттеулері лингвистика саласында жаңа бастама болды: ол зерттеулерде лексикография мен этимологияға қатысты қарастырыла отырып, сөздің көп мағыналылығы құбылысын зерттеді, өйткені сөзді қоршап тұрған мағынаның әрқашан синхронды үлгісі, оның өзі семантикалық өзгерістердің нәтижесі деп түсіндірді (Г. Б. Антрушина, 2001, 288). Көп мағыналылық саласындағы маңызды зерттеулерді Лион еңбектерінен де кездестіреміз, ол полисемия мен омонимияны лексикалық екі мағыналылықтың екі түрі ретінде қарастырады және оның қай кезде көп мағыналы және қай кезде омонимия болатынын анықтаудың кейбір критерийлерін енгізді. Сондай критерийлердің бірі ретінде лексикалық бірлікті қарастырады (Г. Н.Бабич, 2005, 176). Мәтінді түсіну үшін тіл үйренуші сөзді және сөзбен байланысты сөздерді білу қажет. Көп мағыналылық құбылысын түсіну үшін көп мағыналы сөздің жалпы мағынасын ашу, полисемияның синхронды және диахронды дамуын білу, контексттің маңыздылығын ашу, полисемияның практикалық қолданылуын сипаттауға қатысты маңызды мәселелерді анықтауды талап етеді. (Т. Г. Попова, 2015, 26–27). Чарльз Филлмор мен Берил Аткинс көп мағыналылыққа қатысты көп мағыналы сөздің әртүрлі мағыналарының орталық шығу тегі, сөздер арасындағы байланыс желісінің құралуы және сөздің «ішкі» мағынасын түсіну, оның «сыртқы» мағынасын түсінуге ықпал етуі сияқты үш элементті қарастырады Т. Г. Попова, 2015, 227–231). Бір сөздің көп мағыналы деп есептелуі үшін сөздің әртүрлі, бірақ бір-бірімен байланысқан бөлек мағыналары болуы керек. Мағыналары мен сөздердің жазылуы мен айтылуы бірдей және шығу тегі бір болуы керек. Мағына мен форманы біріктіретін тілдің негізгі бірлігі сөз болып табылады. Бір сөздің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның тарихи даму барысында сөздің мағынасы өзгеріп, бастапқы мағынасына жаңа мағыналар қосылып отыратыны заңды құбылыс. Осыған байланысты, сөздің мағыналық құрылымындағы тарихи өзгеріс нәтижесінде тілде сөздің бұрыннан бар мағыналарына жаңа мағыналар қосылып, оның семантикалық құрылымы бойынша бұл мағыналар қайта орналастырылады. Сондай-ақ полисемантика сөздердің жаңа мағыналарының дамуы, себептері мен процесін қарастырады. Кез келген полисемантикалық сөздің мағыналық жүйесі, жоғары да атап өткендей, негізінен, ғасырлар бойы дамиды, өйткені ескі сөздерге көбірек жаңа мағына қосылып немесе кейбіреулерін ығыстырып шығарады. Ағылшын лексикасының өз тарихының қазіргі кезеңіндегі жалпы тенденциясы оның мағыналарының жалпы санын көбейту және осылайша тілдің экспрессивті ресурстарының сандық және сапалық өсуін қамтамасыз етеді (Т. Г.Попова, И. Г. Аникеева, 2015, 76). Бір сөздің лексикалық мағынасының өзгеруін көптеген жиі

қолданылатын ағылшын тіліндегі сөздерге диахрондық семантикалық талдау жасау арқылы байқауға болады. Сөздің барлық мағыналарын білмейінше сөйлемнің дұрыс мағынасын түсіну, осыған орай аударма жұмысында оның дәл мағынасын беру қиынға түседі. Ағылшын тілінде полисемантикалық сөздер көптеп кездеседі және бір сөздің елуден аса мағынасы болуы мүмкін. Тілдің репрезентативті ресурстарының байлығы көбіне тілде полисемияның қаншалықты дамығанына байланысты екенін айтуға болады. Егер әрбір сөз бір ұғымның орнына кемінде екі ұғымды жеткізе алатын болса, бүкіл сөздік қордың экспрессивті әлеуеті екі есе артады. Демек, жақсы дамыған полисемия тілдегі үлкен артықшылық болып табылады. Бір сөздің бірнеше мағынасының ішінен оның нақты бір сөйлемдегі дәл де дұрыс мағынасын анықтауға, таңдауға контекст арқылы қол жеткізуге болады. Яғни, бір сөздің қажетті мағынасын таңдау контекст арқылы анықталады. Сондықтан да оқыту барысында тіл үйренушіге сөйлемнің белгілі бір жұмсалымдағы мағынасын түсіну, содан кейін контекстің көмегімен аудару үйретіледі.

Бір сөзде негізгі және қосалқы мағыналар ажыратылады. Сонымен, сөз тілде полисемантикалық, ал нақты сөйлеуде ол әрқашан моносемантикалық, яғни бір ғана мағынаға ие болады. Полисемантикалық сөзді моносемантикалық ететін контекст болып табылады.

Талқылау.

Полисемантикалық сөздің әртүрлі мағыналары олар білдіретін ұғымдардың жақындығына байланысты біріктірілуі мүмкін, мысалы: case сөзінің мынадай мағыналары бар: жағдай, атты жылы ұстауға арналған жамылғы, кез келген түрдегі жамылғы (қар көрпе), атрибутивті түрде қолданылатын барлық немесе көп жағдайларды біз жалпы, ортақ мағынасы деп айта аламыз. Бір сөздің қосымша мағынасын бастапқы мағынасына қарай іздеуге болады. Мысалы, «бет» сөзіндегі бастапқы мағына «адам басының алдыңғы бөлігі» дегенді білдіреді. «Бет» сөзінің өзіне байланысты бет-әлпет, сыртқы келбет деген мағынаны береді. «Бет» сөзінің алдыңғы позиция деген мағынасына байланысты сағаттың алдыңғы бөлігі, ғимараттың алдыңғы бөлігі, ойын картасының алдыңғы бөлігі сияқты жанама мағыналар қалыптасқан. Сөздің қосалқы мағыналары жоғарыда атап өткендей, бастапқы мағынасымен байланысты шығып, осы тізбекпен дамиды. Бірақ кей жағдайларда кейбір мағыналарды негізгі мағынаға байланыстыру қиын. Мысалы, қыртыс сөзіндегі «нанның қатты сыртқы бөлігі» деген бастапқы мағына «кез келген нәрсенің (бәліш, торт) қатты бөлігі» деген екінші мағынаны дамытып, одан кейін «жұмсақ қардың үстіндегі қаттырақ қабат» деген мағынаны білдіріп, одан кейін мұңды адам, содан кейін әдепсіздік деген мағынаны да білдіреді. Мұндағы соңғы қосымша мағыналардың бастапқы мағынамен еш қатысы жоқ. Бірқатар еңбектерде бұл сөздің бір ғана бастапқы мағынасы сәулелену және сабақтастық арқылы немесе кеңею, тарылу немесе тасымалдану арқылы көп мағыналылыққа жететін жан-жақты процесс деп түсіндіріледі (Ж. Сәмитұлы 2011, 65). Ағылшын тілінде жиі қолданылатын әртүрлі мәтіндерде немесе контексттерде кездесетін көп мағыналы сөздердің (көп мағыналы) қазақ тіліндегі баламасына талдау жасап көрейік. «Proper, property» сөзінің мағынасының ортақ элементі туа біткен, ажырамайтын дегенді білдіреді. Ал қазақ тіліндегі баламалары: «proper» – тән; жөн, дұрыс, керекті, тиісті, қасиет, берілген, қажетті және т.б.; «property» – қасиеті, сапасы; мүлік және жеке меншік т.б. деп беріліп тұр.

It is only proper to begin our consideration with some facts of common knowledge. – Қарастыруды жалпыға мәлім кейбір фактілерден бастаған жөн.

Each atom has the proper number of electrons to make it neutral and it is this number that determines its chemical and physical properties. – Әрбір атомда оны бейтарап ету үшін электрондардың тиісті саны бар және дәл осы сан оның химиялық және физикалық қасиеттерін анықтайды.

Yet, properly speaking, there are electrons which do not belong to the atom proper. – Дегенмен, дұрысын айтқанда, атомға жатпайтын электрондар бар.

It is often very difficult to do things properly: to pay proper attention to one's job, to give the proper interpretation of one's results or even to say the proper thing at the proper moment. – Жиі нәрселерді дұрыс істеу, өзінің жұмысына дұрыс көңіл бөлу, өз нәтижелерін дұрыс түсіндіру немесе тіпті қажетті сәтте дұрыс нәрсені айту өте қиын.

Сондай ақ «point» сөзінің жалпы мағыналық элементі кеңістікте шоғырлану (ұйысу), уақыт, көрсетілім деген сөздер болады. Оның қазақ тіліндегі баламалары төмендегі мысалдарда көрсетілгендей, «point» (N) – нүкте; орын; сәт; абзац; мәні, мағынасы және т.б.; «to point» – көрсету, куәлік ету, т.б. дегенді білдіреді.

The lecturer was speaking on the spread of writing over the earth from its points of origin in Egypt, Mesopotamia and China. – Лектор жазудың Мысыр, Месопотамия және Қытайдан шыққан жерінен жер бетіне таралуы туралы айтты.

His main point, that writing had come to Europe from the East was not original and left the audience indifferent. – Жазудың Еуропаға Шығыстан келгендігі туралы оның негізгі ойы түпнұсқа болмағандықтан, көрерменді бей-жай қалдырды.

But among other things, he brought up points which aroused his listeners. – Бірақ басқа нәрселермен қатар ол тыңдаушыларының қызығушылығын оятатын ұпай әкелді.

He pointed to the similarity of alphabets of related languages and tried to seek an explanation from the point of view of general linguistics. – Ол туыстас тілдердің ұқсастығына немесе әліпбиіне тоқталып, жалпы тіл білімі тұрғысынан түсініктеме іздеуге тырысты.

Up to this point, the lecture had been merely dull. – Осы уақытқа дейін лекция жай ғана тартымсыз (көңілсіз) болды.

I was on the point of leaving the room when someone said aloud. – Мен бөлмеден шығып бара жатқанда біреу дауыстап сөйледі.

Since 1968 the bacteria level of the Potomac River has been reduced to the point where much of the river would be swimmable. – 1968 жылдан бастап Потомак өзенінің бактерия деңгейі өзеннің көп бөлігінде жүзуге болатын деңгейге дейін төмендеді.

Much of what we do in space, much of what is expected of us, strains our technology to the breaking point. – Ғарышта жасайтын ісіміздің көп бөлігі, бізден күтілетін нәрселердің көпшілігі біздің технологиямызды бұзылу нүктесіне дейін қатайтады.

Today, atomic power could support space vehicles on journeys of several years' duration, but the cost at this point is still prohibitive for practical use. – Бүгінгі таңда атом энергиясы ғарыштық аппараттарды бірнеше жылға созылатын сапарларда қолдауы мүмкін, бірақ бұл кездегі оның құны практикалық пайдалануға әлі де болса тиімсіз болады.

Everything points to your being wrong. – Барлығы сіздің қателескеніңізді көрсетеді.

If there were any flaws in their arguments, they would be pointed out to them immediately. – Егер олардың дәлелдерінде қандай да бір кемшіліктер болса, оларға дереу ескертілер еді.

Қорытынды:

Осы келтірілген мысалдарда қолданыста көбірек кездесетін және олардың қазақ тіліне дұрыс баламасын табуда бірқатар қиындықтар туғызатын ағылшын тіліндегі көп мағыналы сөздер алынып, оларды қазақ тіліне аудармалауға, олардың баламаларына талдау жасалды. Талдау барысында ағылшын тіліндегі көп мағыналы сөздердің қазақ тіліндегі баламасын дұрыс таңдау үшін құрамында көп мағыналы сөздері бар сөйлемдер алынып, олардың қазақ тіліне аудармасы мысалдар арқылы талданып, мысалдар арқылы түсіндіріле келе ағылшын тіліндегі көп мағыналы бір сөздің қай контексте қай мағынасында қолданылғанын мәтіннің контекстімен және аударма жасалатын тілдің нормасымен, яғни қазақ тілінің тілдік нормасы және заңдылықтарымен анықталатынына мысалдар арқылы көз жеткіздік. Осы талдау жұмысын қорытындылай келе, аударма жұмысын жасағанда аудармашының ағылшын тіліндегі көп мағыналы сөздердің қазақ тілінде дұрыс баламасын табу үшін екі тілде де белгілі бір сөздің, белгілі бір мәтінде, белгілі бір контексте жұмсалып тұрған мағынасын жақсы түсінуі қажет, яғни аудармашының екі тілді де жетік меңгеруі талап етіледі. Жақсы аударма халқымыздың дүние тануын, ой-санасын кеңейтудің күшті

құралына айналумен қатар, екінші жағынан аудармашының шеберлік қабілетін шыңдап, өсіп, қазіргі жарық көріп жатқан жаңа еңбектерден көз жазбай сарқа оқып, аударма дағдысын жетілдіріп отыруға итермелейді, аударма маманы ретінде біліктілігін ілгері өсіреді. Аударма тілі туралы әңгіме қозғағанда, көпшілік аудармашылар ұстанатын пікірлерде мойындалатындай, аударманың негізгі нысаны түпнұсқа тілі емес, ана тілінің ерекшелігі болуы шарт. Аударма жұмысына қойылатын көркемдік, дәлділік, тусініктілік сияқты негізгі үш талап іске асқанда ғана аударма сапалы болады.

Әдебиеттер:

1. Антрушина Г. Б. *Лексикология ағылшын тілі: Учебное пособие.* – Москва, 2001. – 288 с.
2. Бабиц Г. Н. *Лексикология. Ағылшын тілі: Учебное пособие.* – Москва, 2005. – 176 с.
3. Попова, Т. Г. *Перевод как общественная потребность [Текст] // Профессионально ориентированное обучение иностранному языку и переводу в вузе: Материалы ежегодной Международной конференции (Москва, 15–17 апреля 2015 г.) / LSP teaching and specialized translation skills training in higher education institutions (LSP and STST): Annual International Conference Proceedings.* – М. : РУДН, 2015 (а). – С. 81–84.
4. Попова, Т. Г. *Перевод как культурологическая интеракция [Текст] // Материалы международного научного симпозиума «Художественная литература в пространстве перевода», Иваново.* – М. : Издательский центр «Азбуковник», 2015 (б). – С. 227–231.
5. Попова, Т. Г., Аникеева, И. Г. *Определение понятия «политический дискурс» [Текст] // IX Конвент РАМИ «Многосторонние институты: глобальная эффективность vs. Национальные интересы». МГИМО (26–27 октября 2015 г.).* – 2015 (в). – С. 76.
6. Тараков Э. С. *Аударма әлемі - Алматы, 2011.*
7. Алексеев И. С. *Введение в переводведение.* - М.» 2004.
8. Сэмитулы Ж. *Аударма теориясы және практикасы.* - Алматы, 2011.